



### ЖҰМЫСШЫНЫҢ МҮДДЕСІН ҚОЛДАУ – БАСТЫ МІНДЕТІМІЗ



3

### БҮГІНГІ КҮННІҢ БАТЫРЛАРЫ «МЕРЕЙДІ МҰНАЙШЫ» БАЙҚАУЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ



4-5

### «ҮЗДІК ЛОГОТИП» БАЙҚАУЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ АНЫҚТАЛДЫ



7



# Embi ТЫНЫСЫ

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ



№20 (84)  
ЖЕЛТОҚСАН  
2021 ЖЫЛ

#### БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.

## ҚОШ КЕЛДІҢ, БІРЛІК ПЕН ЫНТЫМАҚ ЖЫЛЫ!

Міне, тағы бір жыл тарих қойнауына еніп барады. Жаңа жылды қашанда алдағы уақыт көшінен қуаныш, жақсылық, жағымды жаңалық күтетін, өткен өмір жолымызға есеп беретін, келешек бағыт-бағдарымыз бен мақсат-міндеттерімізді белгілейтін мереке ретінде асыға күтеміз.

Биыл егеменді еліміздің тарихында елеулі кезең – абыройы асқақ мемлекетіміздің, Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойын атап өттік. Бұл – біздің баршамызды біріктіретін, ұлысты ұйыстыратын асқақ аңсарымыз.

Өткен жыл «Ембімұнайгаз» АҚ үшін шын мәнінде жаңа жетістіктер кезеңі болды деп айтуға болады. Қазақ мұнайының қарамаңырағы саналатын Доссор кен орнының 110 жылдығы аталып өтті.

Әлемді әбірге салған пандемияның әсеріне қарамастан, Ембі ұжымы күрделі кезеңді бірлік пен ортақ мүдденің арқасында сәтті еңсере білді.

Жуырда 2022-2026 жылдарға арналған жаңа Ұжымдық шарт бекітілді. Жұмысты Компания басшылығының қолдауын әркез сезіне алуы керек. Біз жаңа

Ұжымдық шартта осы маңызды міндеттен табылуға тырыстық.

Қазіргі таңда біздің Компанияда геологиялық барлау, өндірісті цифрландыру жобаларын енгізу, бизнес-үдерістерді оңтайландыру бағытында көп жұмыстар жүріп жатыр. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын таба береді.

2022 жыл – Барыс жылы. Барысты қазақ халқы ежелден киелі санаған. Қарауылға алмаған, қақпан құрмаған.

Еліміздің мемлекеттік стратегияларында барыс бірлік пен ынтымақтың нышаны ретінде бейнеленеді. Келе жатқан жаңа 2022 жыл – бірлік пен берекенің, тұрақтылық пен табылудың, ынтымақ пен ырыс жылы болсын!

Баршамызды жаңа жылмен құттықтаймыз! Дендеріңіз сау болып, отбасыларыңызға амандық, береке-бірлік, еңбектеріңізге табыс тілейміз!

Ізгі тілекпен,  
«Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы







# ЕМБІЛІК АРДАГЕРЛЕР ҰЛЫҒЫЛАНДЫ

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Мұнай-газ кешені ардагерлері» республикалық қоғамдық бірлестіктің Атырау облыстық филиалының ұсынысы бойынша мұнай-газ саласының дамуына зор үлестерін қосқан бір топ ембілік ардагер жоғары марапаттарға ие болды.

Салтанатты шараға «Мұнай-газ кешені ардагерлері» республикалық қоғамдық бірлестіктің Атырау облыстық филиалының директоры Максим Ізбасов, «ЕмбімұнайГаз» АҚ Басқарма төрағасы Есен Қайыржан, Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары Канатбек Қасымғалиев, Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Рысты Тасмағамбетова және компанияның өзге де жауапты мамандары қатысты.

ҚР «Мұнай-газ саласының 120 жылдығы» медалімен Жакен НӘУКЕНОВ;

ҚР «Еңбек ардагері» медалімен Сайлау Бажбенов, Гүлсім Құрманғалиева, Бағыт СМАТУЛЛИН;

ҚР «Мұнай-газ саласының еңбек сіңірген қызметкері» төсбелгісімен Кенжеғали ШАҢҚАНОВ марапатталды.

**Ембі өндірісінде ұзақ жылдар еңбек етіп, ел экономикасының қалыптасып, дамуына үлес қосқан ембілік ардагерлерді жоғары марапаттарымен құттықтаймыз!**



## МАРАПАТ

# МҰНАЙШЫЛАР ҰЛЫҚТАЛҒАН КҮН



**«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай салтанатты шара өтті.**

Еліміздің ұлық мерекесіне арналған онлайн форматтағы жиынға әр өңірде орналасқан еншілес кәсіпорындардың өкілдері қатысты. Компания басшылығы Тәуелсіздігіміздің отыз жылы ішінде еліміздің қол жеткізген жетістіктеріне тоқталып, мұнай-газ саласы дамуының маңызды кезеңдерін атап өтті.

Басты мемлекеттік мейрам қарсаңында еліміздің және өңірдің өсіп-өркендеуіне мол үлес қосқан компаниялар тобының қызметкерлеріне мемлекеттік наградалар табысталды. Соның ішінде, ембілік мұнайшылар да бар.

Атап айтқанда, Мемлекет басшысының Жарлығымен «ЕмбімұнайГаз» АҚ өндірістік жедел басқару департаменті орталық инженерлік-техникалық қызметінің ауысым бастығы Мәлік ЖҮНІСОВ «Құрмет» орденімен марапатталды.

Сонымен қатар, «ДоссормұнайГаз» МГӨБ-

ның №2 Карсақ мұнай-газ өндіру цехының бастығы Лұқпан БИСАЛИЕВ «Ерен еңбегі үшін» медаліне ие болды.

«ЖайықмұнайГаз» МГӨБ-ның ұңғымаларды жерасты жөндеу цехының 5 разрядты ұңғымаларды жерасты жөндеу операторы Таубай БЕКЕНОВ пен "ЖылыоймұнайГаз" МГӨБ-ның бастығы Ғибатолла ШАНАЕВКА «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ Құрмет грамотасы табыс етілді.

Бұған қоса, «ДоссормұнайГаз» МГӨБ-ның №1 Ботақан мұнай және газ өндіру цехының 4 дәрежелі мұнай және газ өндіру операторы Болат ҚЫРЫКБАЕВ, «ЖайықмұнайГаз» МГӨБ-ның №5 мұнай және газ өндіру цехының 5 разрядты мұнай және газ өндіру операторы Өтепбергелі ЖАМБҰЛОВ және «ҚайнармұнайГаз» МГӨБ-ның жұмысшы агентті қабатқа сіңіретін насос стансасының машинисі Байғали ҚҰЖБАНОВ «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл» мерекелік медалімен марапатталды.

Марапат иелерін «ЕмбімұнайГаз» АҚ Басқарма төрағасы Есен Қайыржан құттықтап, наградаларын табыстады.

- Ел тәуелсіздігінің 30 жылы ішінде әрбір



қазақстандық азамат мемлекеттің көркеюі мен дамуына өз үлесін қосты. Солардың қатарында ембілік мұнайшылардың үлесін ерекше атап өтуге болады. Ғасырлық тарихында Ембі үш кезеңді еңсерді. Әр кезеңнің өзіне тән тарихи ерекшелігі бар. Қазіргі таңда компанияда 5000-ға жуық адам еңбек етеді. Алдағы уақытта да ембіліктердің елдің тұрақты дамуында өз қолтаңбасын қалдыру дәстүрін абыройлы жалғайтынына сенім білдіреміз, - деп атап өтті ЕМГ Басқарма төрағасы Есен ҚАЙЫРЖАН.

Сонымен қатар, «ДоссормұнайГаз» МГӨБ Шығыс Мақат цехының операторы Рақымжан ДҮЙСЕНОВТИ, «ҚайнармұнайГаз» МГӨБ-ның Кенбай мұнай және газ өндіру цехының қабат қысымын ұстау жөніндегі операторы Ермек ЕРМҰХАНОВТЫ «Самұрық-Қазына» Әл-ауқат қоры» АҚ төсбелгісімен, ал, «ДоссормұнайГаз» МГӨБ-ның Мақаттағы мұнай дайындау және айдау цехының 4-дәрежелі сусыздандыру және тұзсыздандыру операторы Сегізбай МҰРАТОВТЫ ҚР Энергетика министрлігінің «Мұнай-газ кешенін дамытуға қосқан үлесі үшін» медалімен, «ҚайнармұнайГаз» МГӨБ-ның арнаулы техника және автокөлік

колоннасының бастығы Каримола ШЫҢҒЫСОВТЫ «Мұнай-газ саласының еңбек сіңірген қызметкері» төсбелгісімен марапатталды.

«ЖайықмұнайГаз» МГӨБ мұнай-газ және конденсат өндіру шебері Кайрат НАСИХАНОВҚА ҚР Энергетика министрлігінің Құрмет грамотасын, «ДоссормұнайГаз» МГӨБ-ның Доссордағы мұнайды дайындау және айдау цехының бастығы Адай САРҒАЛИЕВКЕ, «ЖылыоймұнайГаз» МГӨБ № 2 «Терең-Өзек» мұнай және газ өндіру цехының мұнай кәсіпшілігі жадықтырына қызмет көрсету және жөндеу бригадасының 5 разряд жөндеушісі Нұрлан АЯЗБАЕВКА ҚР Энергетика министрлігінің Алғыс хаты, «ЕмбімұнайГаз» АҚ сатып алуларды жоспарлау және ұйымдастыру департаментінің директоры Мақсат ЖЫЛҚАЙДАРОВКА «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Құрмет грамотасы, геология және кен орындарын игеру департаменті кеніштік геология және модельдеу қызметінің геологы Амира АМИРОВАҒА ЕМГ Құрмет грамотасы табыс етілді.

**ӨРІПТЕСТЕРІМІЗДІ МАРАПАТТАРЫМЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!**





- **Есен Қайыржанұлы, сіз «Ембімұнайгаз» АҚ-ның басшылығына келгелі корпоративті басылым арқылы ұжым мүшелерімен тұрақты жүздесіп отырсыз. Әркез өзіңіздің көкейіңіздегі мәселелер төңірегінде ашық әңгімені ортаға саласыз. Сізбен бүгінгі сұхбатымыздың бұған дейінгілерге қарағанда аздаған ерекшелігі, бүгінгі әңгімеміз толықтай әлеуметтік бағытта өрбімекші. Себебі, біздің компания әрдайым еңбек адамының әлеуметтік жағдайын жақсартуға басымдық беріп келеді. Бұл бағытта 2021 жылдың маңызды ерекшелігінің бірі – желтоқсан айында «Ембімұнайгаз» АҚ-да жаңа Ұжымдық шарт бекітілді. 2022-2026 жылдарға арналған Ұжымдық шарттың жұмысшыға берері қандай?**

- «Ембімұнайгаз» АҚ-да 2022-2026 жылдарға арналған жаңа Ұжымдық шартқа қолқойылды. Қарапайым еңбек адамының мүддесін қолдау – біздің басты мақсатымыз. Жұмыс беруші мен Кәсіподақ ұйымының жетекшілері бірлесе отырып, ұжымның әлеуметтік жағдайын одан сайын жақсарту түсу бағытында ауқымды жұмыстарды атқардық. Ең бастысы, қандай жағдайда болмасын жұмысшы біздің әркез қолдауымызды сезіне алуы керек. Біз жаңа Ұжымдық шартта осы маңызды міндеттен табылуға тырыстық.

Жаңа Ұжымдық шартты талқылау, кеңесу ағымдағы жылдың жаз айларында басталды. Екі жақтын: жұмыс беруші мен жұмысшының мүддесі атынан сөз алатын кәсіподақ ұйымымен бірлесе отырып, бірнеше рет кездесу, ақылдасудан кейін, жоба әбден пысықталған соң құжатқа қол қойылды. Жұмысшылар тарапынан 35-тен астам ұсыныс түсті, олардың басым бөлігі құжатты дайындауда басты назарда ұсталынды.

2022-2026 жылдарға арналған жаңа Ұжымдық шартта ембілік мұнайшыларға ұсынылып келген әлеуметтік қолдаулар толықтай сақталды. Жаңа құжатқа жұмысшыға ұсынылатын кепілдіктер мен өтемақылар, соның ішінде, мұнайшылар мен олардың отбасыларын емдеу және сауықтыру шығындары, еңбек қауіпсіздігі талаптары толықтырыла енгізілді.

Қандай мекеме болмасын, сапалы кадрларымен мықты екендігі белгілі. Мамандардың әлеуметтік және еңбек кепілдіктерін қамтамасыз ету, олардың еңбек етулеріне тиімді жағдай жасау – біздің мақсатымыз. Осы орайда жасасқан 2022-2026 жылдарға арналған Ұжымдық шарт жұмыс беруші мен жұмысшының арасындағы жемісті ынтымақтастықтың негізі болып табылады деп ойлаймын.

Айта кету керек, бұған дейінгі 2014-2021 жылдар аралығындағы Компанияның Ұжымдық шарты әлеуметтік сақтандыру номинациясы бойынша үздік деп танылып, республикалық «Парыз» сыйлығын иеленген болатын.

- **Коронавирус дертінен сақтану шаралары туралы жиі айтылып жүр, сауалымыз қайталау болуы да мүмкін. Алайда, бұл жәйт әзірге өзекті. Біздің баса мән бергіміз келгені, осынау қиын-қыстау кезеңдерде «Ембімұнайгаз» АҚ ұжымының қиналған жандарға қол ұшын соза білгендіктері.**

Атырау өңірінде қайырымдылық, демеушілік шараларын тұрақты ұйымдастырып отырған компанияның бірі – «Ембімұнайгаз» АҚ. Әлеуметтік жауапкершілікті компания ретінде біз Атырау облысы әкімдігінің халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау жөніндегі бастамаларын әрдайым қолдаймыз. Бұл орайда, жергілікті билікпен бірлесе жұмыс істеп келеміз. Ел басына қиындық түсіп, жаппай індетпен күрескенде, біз

атқарушы органдармен бір саптан табылып, ағайынға барымызша қолдау көрсеттік. Бұл орайда, салартқа шегініс жасап, кеңінен түсінікті болу үшін 2020 жылдарға тоқталсам.

«Ембімұнайгаз» АҚ пандемиямен күресте әлеуметтік көмек ретінде 500 млн теңгеден астам қаражат аударды. Бұл қаражат мұнайлы өңірдің медициналық құрылымдарына керекті жабдықтарды алу мақсатында жұмыс салды. Бұдан өзге, тағы да 130 млн теңге 7 мың 300 мүмкіндігі шектеулі балаға, 274 медицина қызметкеріне, оның ішінде, қайтыс

бен «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармаларында нәтижесін тапқан игі шараларды ерекше атап өткім келеді. Басқарма ұжымдарының өзгенің қиын тағдырына бейжай қарамайтынының күсі ретінде мұнайшылар өздерінің жалақыларының есебінен қаражат жинап, мұнайлы өңірлердегі бастанадан қиналғандарға пәтер кілтін табыс етті.

Мен ұжыммен әрбір кездесімде үнемі айтатыным – жұмысшылардан табысты еңбекті талап етпес бұрын, алдымен қарапайым еңбек адамының алаңсыз еңбек етуіне барлық

№1 жатақхана, «Қайнармұнайгаз» басқармасының Кенбай кен алаңындағы №1 жатақханаға күрделі жөндеу жүзінде. Әлеуметтік нысандардың жұмысын әр кез жандандыруға, өзгерістер енгізуге тырысып отырамыз. Бұл орайда, жұмысшыларды сапалы тағаммен қамту барысындағы өзгерісті



Есен ҚАЙЫРЖАН, Басқарма төрағасы:

## Жұмысшының мүддесін қолдау – басты міндетіміз

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның орташа жылдық мұнай өндіруі 2,6 млн. тоннаны құрап отыр. Бүгінгі таңда «Ембімұнайгаз» АҚ-да 32 кен орны игеріледі. Мұнай кен орындарының басым бөлігі игерудің соңғы сатысында, қорының алынуы қиын кен орындарының саны күннен-күнге артып келеді. Соңғы жылдар ішінде мұнай өндірудегі тұрақтылық:

- жаңа ұңғымалардың бұрғылануы,
- пайдалану коэффициентінің артуы,
- жөндеуаралық кезеңнің ұзартылуы,
- озық технологияның енгізілуі
- кен орындарын игеру жүйесінің оңтайландырылуы сияқты кешенді іс-шаралардың қолданылуы есебінен болып отыр.

болған 4 дәрігердің отбасына материалдық көмек негізінде бөлінді.

Ал, енді 2021 жылға келсек, ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы Атырау облысының мүмкіндігі шектеулі 2 мың тұрғынын материалдық қолдауға 30 млн теңге бөлу туралы шешім қабылдады. Бұған қоса, мейірімді істер эстафета аясында Компанияның Орталық басқару аппараты қызметкерлерінің ерікті түрде жалақылары есебінен жиналған 1,4 млн теңге қаражатқа мұнайлы өңірдегі көмекке мұқтаж көп балалы 100 отбасыға азық-түлікпен көмек көрсетілді.

Бұдан өзге де Орталық аппаратының қызметкерлері ерікті негізде 500 мың теңгеден астам сомманы жинап, оларға Атырау қаласындағы аз қамтылған көп балалы 6 отбасының 19 баласына жаңа оқу жылына мектеп киімі мен оқу құралдарын сатып алу үшін 30 мың теңгеге сертификаттар табыс етті.

Біздің ұжымда ерекше балаларға көмектесу дәстүрі берік қалыптасқан. Осы орайда, жыл сайынғы дәстүр бойынша компания Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Айналайын» қайырымдылық марафоны аясындағы «Мектепке жол» акциясына қатысып, ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға арналған мектеп формасы мен оқу құралдарын сатып алу үшін жалпы сомасы 112 млн 500 мың теңге қаражат аударды. «Ембімұнайгаз» АҚ бөлген қаражатқа Атырау облысының 7500 баласына мектеп жабдықтары үшін жұмсалды.

Мұндай игілікті шаралар Компанияға қарасты барлық басқармаларда да кең жолға қойылған. Басқарма ұжымдарында волонтерлық бастамамен үлкен жұмыстар қолға алынды, аудандардағы әлеуметтік көмекке мұқтаж жандарға арнап қайырымдылық шаралары тұрақты ұйымдастырылуда. Басқарма ұжымдарының бастамасымен жалақылары есебінен баспаналары жоқ отбасыларына тұрғын үйлер тарту етілуде. Бұл орайда, «Доссормұнайгаз»

2021 жылдың наурыз айында Компанияға қарасты «Жылыоймұнайгаз», «Доссормұнайгаз», «Қайнармұнайгаз» және «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармаларында Желел әрекет ету орталығы толық іске қосылды. Өндірістік процестердегі өзгерістерді желел қадағалап, орын алған тоқтауларды тез арада жоюға мүмкіндік бар. Орталықтар ақпаратты интерактивті ұсынудың заманауи техникалық құралдарымен жабдықталған. Бұл мәліметтер Компанияның бас кеңсесіндегі онлайн-режим жүйесі арқылы өндірісті қашықтықтан басқару мүмкіндігіне ие Өндірісті желел басқару орталығына тікелей түсіп отырады.

жағдайды жасауымыз керек. Жата-тын орны мен ас мәзірі талапқа сай болғанын, оның өзі және отбасы мүшелері әлеуметтік қамқорлықпен жан-жақты қамтылғанын сезінген адам әрине, адал еңбек етуге тырысады. Компанияның мүддесін әркез жоғары қояды. Осы мақсатты көздеген Компания басшылығы Ембі өндіріс алаңдарындағы әлеуметтік нысандарды кезең-кезеңімен күрделі жөндеуден өткізуге басымдық беріп отыр.

«Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының Уаз кен алаңында 30 орындық асхана жұмысшыларға есігін айқара ашса, оған қосымша 30 орындық модульдік жатақхана құрылысы жүріп жатыр. Солтүстік Жолдыбай кенішінде жүріп жатқан 20 кісілік асхана құрылысының аяқталар күні де алыс емес. «Доссормұнайгаз» басқармасына қарасты Шығыс Мақат кен орны мен «Жайықмұнайгаз» басқармасының Жаңаталап кенішінде модульдік жатақханалар пайдалануға берілді. Сонымен қатар, бірқатар әлеуметтік нысандарға күрделі жөндеулер жүріп жатыр. «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының Забурын кен орнындағы 50 орындық асхана, Жаңаталап кенішіндегі екі бірдей жатақхана, «Жылыоймұнайгаз» басқармасының Батыс Прорва кенішіндегі асхана мен Терең-Өзек кен алаңындағы асхана мен жатақхана, «Қаспий самалы» вахталық қалашықтағы

айта кету керек. Ембі өндірісіндегі 32 асхананың ірі деген 20 асханасында түскі ас кезінде фуршет столы енгізілді. Фуршет столында кейбір тағамдардың бірнеше түрлері ұсынылуда. Жұмысшылардың таңдауына мүмкіндік үлкен. Бұл жаңалық жұмысшылар тарапынан өте жылы қабылданып жатыр.

- **Келесі жыл компания үшін маңызды. 2022 жыл «Ембімұнайгаз» АҚ-на 100 толғағы отыр.**

- Иә, келер жыл – мұнайлы Ембінің тарихында айтулы кезең. «Ембімұнайгаз» АҚ-ның дербестік алғанына ғасырлық уақыт болады. 100 жылдық тарихқа назар аударсақ, бастапқы жылдары мұнайшыларға жасалған жағдай мен бүгінгі кезеңді салыстыруға мүлдем келмейді.

Еліміздің қол жеткізген

**мұнайшылардың айлық жалақысы тағы да 10 пайызға өскелі отыр. Осы жағымды жаңалықты өз аузыңыздан тағы бір мәрте естісек.**

- «Ембімұнайгаз» АҚ-ның өндіріс алаңдарында коронавирус пандемиясына қарамастан, мұнай өндіру мен тапсыру жоспары тұрақты орындалды. «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның өндіріс үдерістерін тоқтатпау және жұмысшылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша тапсырмасын орындауда біздің компания ұжымы ерен еңбектің үлгісін көрсете білді. Өндірісті бір минут та тоқтатпай, алға қойған жоспар деңгейінен табыла білдік. Бұл – тұтас ұжымның ауызбіршілігінің нәтижесінде қол жеткізген табысымыз.

«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы Ж.Марабаевтың атына Компания басшылығы Ембі өндірісіндегі еселі еңбек үшін барша ұжымға 100 пайыздық бір реттік айлық есептік көрсеткіш (АЕК) көлемінде сыйақы беру туралы ұсыныс жолдадық. Біздің ұсынысымыз Директорлар кеңесінде бірауыздан мақұлданып, «Ембімұнайгаз» АҚ ұжымына ҚР Тұңғыш Президенті күніне орай бір реттік 100 пайыздық АЕК көлемінде сыйақы беру жөнінде шешім қабылданды. Атап өту керек, «Ембімұнайгаз» АҚ тарихында табысты еңбек үшін 100 пайыздық АЕК көлемінде сыйақы беру алғаш рет жүзеге асып отыр.

«ҚазМұнайГаз» цифрлық трансформация бағдарламасы бойынша еншілес мекемелердің арасынан алғашқылардың бірі болып «Ембімұнайгаз» АҚ-да «Сапарларды басқару» жобасы іске қосылды. Жобаның мақсаты қызметкерлердің қауіпсіздік ортада еңбек етуіне жағдай жасап, жол-көлік оқиғаларының алдын алуға, автокөлік құралдарының қызмет ету мерзімінің ұлғайтуға, техникалық қызмет көрсету және көліктердің тоқтап қалу шығындарының төмендетуге бағытталған.

жетістіктерінде мұнайшылардың қосқан үлестері зор. «Ембімұнайгаз» АҚ еліміздің гүлденіп, дамуына тұрақты қолдау көрсететін әлеуметтік жауапкершілікті кәсіпорын екенін әрдайым мақтанышпен айтамыз.

Компанияның ресми тарихы басталған 1922 жылдан 2021 жылдың 11 айы аралығында Ұлттық қор, республикалық және жергілікті бюджетке салық төлемдері ретінде 1 трлн 303 млрд. теңгеден астам, өңірдің инфрақұрылымын дамытуға – 4 млрд 900 млн теңгеге жуық қаражат аударды. Бұл – ембіліктердің ел экономикасының дамуына қосқан зор үлестері.

- **Бүгінгі сұхбатымыз әлеуметтік тақырып аясында өрбіп отырғандықтан, жұмысшылардың тұрмыстық жағдайына әсер ететін маңызды жаңалыққа тоқталмай кету мүмкін емес. Келесі жылдан бастап**

Тағы бір жақсы жаңалығымыз – 2022 жылдан бастап ембілік мұнайшылардың жалақысы 10 пайызға өседі. Бұл қуанышты жаңалықтар Бас компания басшылығының Ембі өндірісіндегі ауызбіршілікті, татулықты бағалағандықтары, біздің табысты еңбекімізді көре білгендіктері деп түсінеміз. Еңбек дер кезінде бағалануымен құнды деген осы ғой.

Осынау тамаша мейрам - Жаңа жыл карсанында ембілік мұнайшылармен төл газетіміз арқылы жүздесіп отырғаныма қуаныштымын.

**Баршаларыңызды Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймын. Дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге табыс тілеймін. Әр мұнайшының шаңырағында шаттық, береке орнағай.**

- Сұхбатыңызға рахмет!





«Мұнайшы қыз» клубы ағымдағы жылдың қараша-желтоқсан айларында пандемияның күрделі кезеңінде Компания жұмысын алға жетелеуге үлес қосқан мамандардың еңбектерін бағалау және компаниядағы ішкі байланысты, ұжымның ауызбіршілігін нығайту мақсатында **«Мерейлі мұнайшы»** онлайн дауыс беру байқауын ұйымдастырған болатын. 24 желтоқсан күні Компанияның бас кеңсесінде байқауды қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау шарасы өтті.

Аталған байқау ағымдағы жылдың қараша-желтоқсан айларында 3 номинация бойынша ұйымдастырылып, жалпы саны 49 үміткер конкурсқа қатысты.

Пандемия кезінде ерен еңбектің озық үлгісін көрсеткен жұмысшыларды ұлығылау мақсатында бұл байқау осындай форматпен Компанияда тұңғыш рет ұйымдастырылып отыр. Әр номинация бойынша үміткерлерді өндірістік бөлімшелердің басшылары ұсынды. Олардың әрқайсысы – бүгінгі күннің қаһармандары. Себебі, қиын сәттерде ұзақ мерзімде өндіріс басында болып, уақытпен санаспай еңбек еткен мұнайшылар қандай құрметке де лайық. Бұл байқау форматының тиімділігін алдағы уақытта қарастыратын боламыз, – деп атап өтті **ЕМГ Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Рысты ТАСМАҒАМБЕТОВА**.

Дауыс беру Survio ашық платформасында жүзеге асты. Байқау аяқталған соң дауыстар саны автоматты түрде есептеліп, жүйе объективті түрде ең көп дауыс жинаған адамдарды шығарды.

Пандемия кезінде қиналған жандарға қолұшын созып, демеу бола білген **«Ең мейірімді мұнайшы»** номинациясы бойынша жеңімпаздар:

**I орын - «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ ұжымы – 2707 дауыс, 29,2%**

Ұжым мүшелері өз қаражаттарына Жылыой аудандық орталық ауруханасына дәрі-дәрмек, оттегі баллонын алып берді. Ауыр науқастарды тасымалдауға арнайы көліктер бөлді.

**II орын - «Ембімұнайэнерго» басқармасының арнаулы техника мен автокөлік керуенінің ұжымы – 1047 дауыс, 11,3%**

Өндірістік құрылымдық бөлімшелерді арнайы техника және автокөлік құралдарымен уақытында қамтамасыз етуді ұйымдастырды. Пандемия кезінде өмірден өткен ұжымдастардың жанұяларына қаржылай көмек көрсетті.

**III орын - «Қайнармұнайгаз» МГӨБ қолданыстағы құрал-жабдықтарды жөндеу және прокаттау бөлімшесінің слесарі Нәсіпқали ДӘУЛЕТБАЕВ – 839 дауыс, 9,0%**

Демалыс уақытында өзінің жеке көлігімен дәрігерлерге оттегі пропаданы тасып



## БҮГІНГІ КҮННІҢ БАТЫРЛАРЫ

**«МЕРЕЙДІ МҰНАЙШЫ» БАЙҚАУЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ**







көмектесті.

Пандемия кезінде ұжым жұмысын алға жетелеп, өндірісті тоқтатпаған «Қатерге еңбекпен төтеп берген мұнайшы» номинациясы бойынша жеңімпаздар:

**I орын – «Ембімұнайгаз» АҚ сатып алуларды жо-спарлау және ұйымдастыру департаментінің аға маманы Әсел ТОЛЕУБАЕВА – 2777 дауыс, 29,9%**

Пандемия кезінде сатып алу рәсімдерінің уақытылы жүргізілуіне, келісім-шарттардың уақытылы жасақталуына үлкен үлесін қосты.

**II орын - «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ №1 Қосшағыл мұнай және газ өндіру цехының аға инженері Асқар ДЕМЕГЕН – 1827 дауыс, 19,7%**

Қосшағыл мұнай және газ өндіру цехы жұмысшыларының көпшілігі коронавирустық инфекциямен ауырып, өндірісте жұмыс жасайтын адам күші жетіспеген кезде өндірісті тоқтатпай, 13 адаммен еңбек етіп, жедел түрде ұйымдастыру жұмыстарын жүргізе білді.

**III орын - «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Прорвадағы вахталық қалашыққа және өндірістік нысандарға қызмет көрсету телімінің бастығы Айгүл НҮРҒАЛИЕВА – 884 дауыс, 9,5%**

Карантин кезінде ауысымда жалғыз комендант болып, қалашықтың барлық жұмыстарын толықтай өзі алып жүрді. Пандемия кезінде «Каспий Самалы» вахталық қалашығында қызметкерлерді тиімді орналастыру, жұмысшылардың көп шоғырлануына жол бермеу мақсатында кезекпен тамақтануын қадағалап, жатақханаларда дезинфекциялау жұмыстарының уақытылы

жатақханада карантиндік шектеуге байланысты оқшаулау бөлмесін жасақтап, жұмысшылардың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз етті.

Басқармадағы орталық инженерлік-техникалық қызмет бастығының міндетін қоса атқарып, өндірістің кідіріссіз жұмыс жасауына үлес қосты. Ескі кен алаңы болуына қарамастан, ішкі резервпен топтық өлшеу қондырғысын іске қосып, өнім көрсеткішін артығымен орындауға қол жеткізді.

**II орын - «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Прорва кен орнын игеру тобының өндірістік басқармасының бас технологиясы Тұрлан САТИЕВ – 1414 дауыс, 15,2%**

Пандемия кезінде Прорва өндірістік басқармасы бойынша эпидемиологиялық жағдайдың тұрақталуына үлес қосып, «Каспий самалы» вахталық қалашығында карантиндік шектеуге байланысты 10 адамдық оқшаулау бөлмесін жасақтауға үлес қосты. Сақтық шараларын күшейту мақсатында вахтаны екіге бөліп, демалыс режимін ұйымдастырды.

**III орын - «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік бөлімінің бастығы Қайрат ҚҰЛБАЛИЕВ – 1205 дауыс, 13,0%**

Ұжым мүшелеріне коронавирустық инфекциядан сақтану бойынша түсіндірме жұмыстарын кең жүргізіп, ұжымішілік WhatsApp желісі арқылы чат ұйымдастырып, тығыз байланыс орнатты.

Теңіз кеніші маңындағы бөгетбекеттен өтетін Прорва ӨБ және Терең-Өзек, Каратон кен орындарының ауысым кезінде кедергісіз жұмыс жасауына мүмкіндік жасады.



ұйымдастырды.

Пандемия кезінде өндірісті тоқтатпау үшін тиімді тың жолды ұсына білген **«Креативті мұнайшы»** номинациясы бойынша жеңімпаздар:

**I орын - «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ №2 Терең-Өзек мұнай және газ өндіру цехының бастығы Канат НҮРМАШЕВ – 1887 дауыс, 20,3%**

Терең-Өзек мұнай өндіру цехы бойынша эпидемиологиялық жағдайдың тұрақталуына үлес қосты. Аталған кен орнындағы

Жеңімпаздарды «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Есен Қайыржан құттықтап, 200 000 (I орын), 150 000 (II орын) және 100 000 (III орын) тенге сертификаттарымен марапаттады.

Сонымен қатар, байқауға қатысқан барлық номинанттарға 20 000 теңгеден сертификат тапсырылды.

Шара соңы концерттік бағдалама ұласты.

**ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!**

## ӨНЕРІМЕН ТАЛАЙДЫ ТАМСАНДЫРҒАН

«Ембімұнайгаз» АҚ бойынша жақсы жолға қойылған дәстүрлі шара - ұжым ішілік коммуникацияны дамыту десек, бұл орайда көптеген іс-шаралар кезең-кезеңімен жүзеге асып келеді. Соңғы жылдардағы пандемияға қатысты қорытындылау шарасы сәл кештеу өтіп жатқан осындай мақсаттағы шараның бірі - өндірістік құрылымдық бөлімшелер арасында өткен мұнайшы-өнерпаздар сайысы болатын.



24-желтоқсан күні Компанияның акт залында аталған сайыстың жүлдегерлері марапатталды.

Атап айтсақ, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ өнерпаздары ынталандыру сыйлығына ие болса, III орынды «Жайықмұнайгаз» басқармасының өнерпаздары еншіледі.

«Ембімұнайэнерго» басқармасының өнерпаздар ұжымы II орынды жеңіп алса, «Жылыоймұнайгаз» басқармасының ұжымы сайыстың жеңімпазы атанды. Марапаттарды Заң департаментінің директоры, «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма мүшесі Асқар ТОҚМУРЗИЕВ табыстады.



## ЖАҢА ЖЫЛ ҚАРСАҢЫНДАҒЫ МАРАПАТ

Жиын барысында «Ембімұнайгаз» АҚ-дағы жемісті еңбектері, мұнай-газ саласын дамытуға қосқан үлесі, кәсіби шеберлігі және пандемия кезінде әлеуметтік аз қамтылған жандарға қолұшын созып, волонтерлық бастамамен көмек көрсеткен «Мұнайшы қыз» клубының бір топ мүшесі Kazenergy Қазақстан мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдары қауымдастығының Төрағасы Т.Құлыбаевтың атынан «Алғыс хатпен» марапатталды.

Олардың қатарында «Жайықмұнайгаз» МГӨБ еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі жөніндегі аға инженері Гүлбану Бахитова, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ әлеуметтік қамту бөлімінің маманы Айгүл Шакманова, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ Айсұлу Әділова, «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаменті Қызметкерлерді іріктеу және дамыту қызметі жетекшісінің орынбасары Райхан Сарбасова,

«Ембімұнайгаз» АҚ әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаменті әлеуметтік саясат және ішкі коммуникациялар бөлімінің бастығы Гауһар Мекебаева, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ жатақхана меңгеруші Фариза Қыстауғалиева, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ мұнай-газ өндіру операторы Айман Шалабаева, «Доссормұнайгаз» МГӨБ әлеуметтік қамту бөлімінің маманы Жаннат Өтепова, «Ембімұнайэнерго» басқармасының қызметкерлерді

басқару және еңбекке ақы төлеу тобының маманы Дария Ерболатова, «Доссормұнайгаз» МГӨБ қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу бөлімінің экономисі Нұргүл Нұрғалиева бар. Марапат иелеріне «Алғыс хатты» ЕМГ Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Рысты Тасмағамбетова табыстады.

Сондай-ақ, Ембі өндірісін дамытудағы жауапты жұмыстарына сәттілік тіледі.



## ӨРІПТЕС КЕЛБЕТІ

**«Ембімұнайгаз» АҚ акт залында белгілі мұнайшы, Орталық инженерлік-технологиялық қызметінің ауысым бастығы Мәлік Мұхышұлы Жүнісовті құрметті зейнеткерлік демалысқа шығарып салу рәсімі өтті.**

Мәлік Мұхышұлының еңбек жолы көпке үлгі-өнеге. Оның адами қасиеті мен кәсібилігі, шебер ұйымдастырушылық қыры үлкен әңгімеге арқау болары сөзсіз.

Еңбек жолын сонау 70-жылдары «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты құрылыс тресінде қарапайым жұмысшыдан бастап, 45 жылға жуық уақытта оператор, технолог, цех бастығының орынбасары, цех бастығы, департамент директоры, «Жайықмұнайгаз», «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармаларының бастығы лауазымына дейін көтерілді. Бұл жолда қаншама еңбек, жауапкершілік, жинақталған тәжірибе жатыр...

- Мұнай-газ саласында ұзақ жылдар бойы еңбек етіп, өндірістің өркендеуіне, жас білімді мұнайшы мамандардың қалыптасуына зор үлес қостыңыз.

«Гюрал», «Сағыз Петролеум Компани», «Сазанқұрақ», «Светландойл» сынды компанияларда әртүрлі лауазымдарда еңбек етіп, жаңа технологияларды Ембі өндірісіне енгізуге белсенді атсалыстыңыз, - деп атап өткен «Ембімұнайгаз»

АҚ Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары Қанатбек Қасымғалиев құттықтап, Құрмет грамотасын табыстады.

Сонымен қатар, ардагер-мұнайшы Айболат Габдуллин, ЕМГ Ардагерлер кеңесінің төрағасы Бағыт Сматулин, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ бастығы Амангелді Сүлейменов, «Доссормұнайгаз» МГӨБ бастығы Серік Әбдиев, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ бастығы Қайнар Қоданов, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ бастығы Ғибатолла Шанаев,

тобының жетекшісі Бибоз Шаяхметов, «Ембімұнайгаз» АҚ Орталық басқару аппараты Кәсіподақ комитетінің төрағасы Болат Нсанбаев және тағы басқалар құттықтап, Мәлік Мұхышұлының өнегеге толы өмір жолына тоқталды, еңбек еткен жылдарын еске алды.

Ембі өндірісінің және Атырау облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына сіңірген абыройлы еңбегі ескерусіз қалған жоқ. Атап айтсақ, «Атырау облыстық мәслихаттарына 25 жыл», «Исатай ауданына - 90 жыл», Қызылқоға ау-



«Ембімұнайэнерго» басқармасының бастығы Ғабит Иманғалиев, «ӨТКЖЖК» басқармасының қызметкерлерді басқару және әлеуметтік қамсыздандыру

даны әкімінің Құрмет грамотасымен қатар, «Мұнай-газ кешенін дамытуға қосқан үлесі үшін» медалімен, «ҚазМұнайГаз», «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамдарының

бірнеше марапаттарын алды. Сонымен қатар, өткен жылғы пандемияның күрделі кезеңінде шебер басқарушылық қабілетіңіз үшін «Жыл адамы» байқауында «Жылдың

тиімді басшысы» номинациясына, биыл Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай үлкен мемлекеттік марапат «Құрмет» орденіне ие болуы – Мәлік Мұхышұлының ерен еңбегіне берілген лайықты баға деуге әбден болады.

Жары Гүлжиян Аманбайқызымен 2 ұл, 2 қыз тәрбиелеп, бүгінде 1 ұлы мен 1 қызы мұнай-газ саласындағы ізін абыроймен жалғап келеді. Өзі сияқты білікті мұнайшыдан тәлім алған олар да Ембі өндірісінің дамуына әлі де септігін тигізеріне сенім мол.

Құрметті зейнеткерлік демалыс – сан жылғы еңбегінің қызығын көретін, адам өміріндегі тамаша бір кезең. Осынау кезеңде Мәлік Мұхышұлына деніне саулық, отбасына амандық, бақ-береке тілейміз!

## КӘСІБИ МЕРЕКЕ

## Энергетика саласы - өндірістің ажырамас бөлігі



## Желтоқсан айында елімізде энергетика саласы қызметкерлерінің күні аталып өтеді.

Энергетиктер жұмысының маңыздылығына баға жетпейді, олардың еңбектері арқасында тұрғындардың үйлері жайлы да жарық, ұйымдар мен мекемелер қалыпты қызмет етіп келеді. Сондықтан, өндірісті, кәсіпорынды жарықпен қамтып отырған энергетиктердің орны ерекше екендігін атап өтуіміз керек.

«Ембімұнайгаз» АҚ барлық кен орындары бойынша электр энергиясымен үздіксіз қамтамасыз үшін арнайы басқарма – «Ембімұнайэнерго» басқармасы қызмет етеді. Аталмыш басқармада салада өз ісінің нағыз шебері саналған 500-ден астам маман жұмыс істейді.

Бүгін бір топ сала қызметкерлері мен жұмысшыларына Атырау облысы әкімінің Алғыс хаты табыс етілді.

- Бұл «Ембімұнайгаз» АҚ үшін өндірістің ажырамас бөлігі және өндірістік процестің қозғаушы күші саналады. Аймақ басшысының бұл марапаты – бүкіл ұжымның ортақ мүдде мақсатындағы жұмысына берілген оң баға деп білеміз. Осы маңызды мамандықтың жауапкершілігін жіті сезініп, Ембі өндірісінің дамуына қосып жатқан энергетиктерді төл мерекемен құттықтаймын, - деп атап өтті «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары Қанатбек ҚАСЫМҒАЛИЕВ.

Облыс әкімінің Алғыс хатымен 14 жұмысшы-қызметкер марапатталды. Атап өтсек, ЕМГ өндірістік-техникалық департаментінің директоры Қайсар Түлеушов, бас энергетик

қызметі бас энергетигінің орынбасары Баубек Сұлтанғалиев, «Ембімұнайэнерго» басқармасының бастығы Ғабит Иманғалиев, басқарманың бас инженері Берик Баямиров, «Жайық» аудандық электр торабы учаскесінің бастығы Нұрғуат Тлепов, «Прорва» аудандық электр торабы учаскесінің бастығы Нұрқуат Асқаров, «Мақат» аудандық электр торабы учаскесінің бастығы Әлібек Аманғалиев, «Құлсары» аудандық электр торабы учаскесі бастығының орынбасары Мансур Шамшиев, «Жайық» аудандық электр торабы учаскесі бастығының орынбасары Айбек Сағынғалиев, «Қайнар» аудандық электр торабының 5-санатты реттеу және өлшеу жөніндегі электрмонтері Танат Ибраимов, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ механика-энергетика бөлімінің 1-санатты инженер-энергетиктері Қуанышбек Игилманов пен Әділет Боранғалиев, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Прорва кен орындарын игеру жөніндегі өндірістік басқармасының жетекші инженер-энергетигі Ерлан Сәрсенов, газ дайындау және күкірт алу цехының инженер-энергетигі Құрманбек Габдоллин өңір басшысының алғысына ие болды.

Орталық инженерлік-технологиялық қызметінің ауысым бастығы Серік Адаев «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның естелік белгісімен марапатталды. Сонымен қатар, жуырда бір топ ембілік маман кәсіби мерекеге орай «Ембімұнайгаз» АҚ тарапынан бірқатар марапаттарға ие болды.

Кез келген мемлекеттің күш-қуатының басты көрсеткішінің бірі саналатын энергетика – ел экономикасының базалық саласы болып табылады.

Қазіргі таңда облысымыздың энергетикалық қажеттіліктері толықтай қамтамасыз етіліп, жарық пен жылу адамзат пайдасына жаратылып, халықтың жайлы тұрмыс кешуіне, нәтижелі еңбек етуіне өз септігін тигізуде.

Сіз жоғары кәсіби шеберлігіңізбен, жауапкершілігі мол маман ретінде ерен еңбегіңізбен ұжымда үлкен жетістіктерге қол жеткізіп келесіз.

Сізге алғысымды білдіре отырып, деніңізге саулық, отбасыңызға бақыт, береке тілеймін!

Құрметпен,  
Атырау облысының әкімі  
Махамбет Досмұхамбетов



«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ-НА 100 ЖЫЛ

## «Үздік логотип» байқауының жеңімпазы анықталды

Келер жыл – Ембі тарихында елеулі жыл. Қазақ мұнайының қарашаңырағы «Ембімұнайгаз» АҚ-ның құрылғанына 100 жыл толады. Осыған орай, 2022 жылы мұнайлы Ембінің қазақ жеріндегі тарихи рөлін ескере отырып, мерекелік іс-шараларды облыс көлемінде атап өту жоспарлануда.



Кез-келген іс-шара өзіндік айшықталатын таңбасынан басталатыны анық. Осы орайда, аталған тарихи мерекеге орай Әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің ұйымдастыруымен Компания қызметкерлерінің арасында қазан айында «Үздік логотип» байқауы жарияланған болатын.

Байқау шарттары бойынша логотип А4 форматта және сурет құралдарымен немесе компьютерлік графика нұсқаларында қабылданды. Және, ең бастысы, логотипте «Ембімұнайгаз» АҚ-на 100 жыл» нышаны болуы тиіс.

Байқауға 21 қызметкер қатысып, 34 жұмыс қабылданды.

Комиссия алқасы барлық жұмыстарды саралап, үздік логотипті таңдады.

«Ембімұнайгаз» АҚ Геология және кен орындарын игеру департаменті Маркшейдер тобының маркшейдері Орынбасар ТАСМАҒАМБЕТОВТЫң дайындаған логотип жобасы үздік деп танылды.

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның 100 жыл толу мерейтойына арналған логотипте автор күн тәрзідес шаңырақ және шуағын шашқан күн сәулесін бейнелеген. Мұнда шаңырақ бейнесі ғасырлық тарихы бар қазақ мұнайының қарашаңырағы саналатын қарт «Ембімұнайгаз» АҚ-ны аңғартса, ал, күннің 6 сәулесі «Ембімұнайгазға» қарасты алты өндірістік-құрылымдық бөлімшені көрсетіп тұр.

Шаңырақ астында қазақтың төрт түлігінің үлкені – түйе малының бейнесі 100 санына ұқсастырып белгіленген. Мұндағы себеп, қазақ мұнайы тарихының алғашқы кезеңдерінде мұнайды тасымалдау, түйе малы арқылы жүзеге асқаны белгілі.

Автор өз жұмысында 100 ғасырлық тарихты бір арнаға тоғыстыруға тырысқан. Терең мағынаны аздаған элементпен көрсете білген.

**Байқау жеңімпазын құттықтаймыз!**



## Марат – жыл спортшысы

Жыл соңында Алматы қаласында Қазақ спорт және туризм академиясы және «Спорт жұлдыздары» республикалық журналы «Жыл үздіктері-2021» республикалық байқауының жеңімпаздарын марапаттады.

Аталған шарада «Ембімұнайэнерго» басқармасының электр монтаждау учаскесінің 5-разрядты электромонтері, триатлоннан 2 дүркін Азия чемпионы Марат ОРАЗАЛИЕВ қазақ спортын дамытуға қосқан үлес үшін «Үздік триатлон спортшысы-2021» атанды.


Айта кетейік, Мараттың есімі тек атыраулықтарға ғана емес, республика көлемінде жақсы таныс.

Биылғы жыл Марат үшін табысты жыл болды. Ақтөбе қаласында өткен триатлоннан Қазақстан чемпионатында алтыннан алқа тағынды. Спортты жанына серік еткен ол кейін Ақтау қаласында өткен триатлоннан Қазақстан чемпионаты аясында тағы да бағын сынап, чемпион атанды. Ендігі мақсат – келер жылы ұйымдастырылатын «IRONMAN ASTANA» додасы. Әлемнің мықтыларының басын қосатын бұл байрақты бәсекеде 3,8 шақырым жүзу, 180 шақырым веложарыс және 42,2 қашықтыққа жүгіру міндеттеледі. Ембілік маман бұл дүбірлі додаға дайындықты бастап кетті.

Біз әріптесімізге жеңіс жолында сәттілік тілейміз!







Келер жыл Плутон, Сатурн, Юпитер мен Меркурий ретроградты болудан қалады, ал, бұл дегеніміз бірнеше жұлдыз белгісінің өмірі жақсы жаққа қарай өзгереді. Назарларыңызға АҚШ астрологтары жасаған 2022 жылға арналған жұлдыз-жорамалды ұсынамыз.

#### ТОКТЫ (21.03 – 20.04)

Жыл басында тоқтылар өздерін әлсіз сезінуі мүмкін. Айналадағылардың бәрі қарсы тұрғандай көрінеді, шын мәнінде, олай емес. «Сұлулық – қарап тұрған адамның көзінде» дейді. Барлығына жеңіл қарауды, адамдарға сенім артуды үйреніңіз.

#### ТОРПАҚ (21.04 – 21.05)

Алдағы жыл Торпақтар үшін инвестиция кезеңі болмақ. Бұл белгі иелері болашақта жақсы табыс әкелетін жеке ісін ашуы мүмкін. Алайда, осы жыл уайым алып келуі де ғажап емес. «Қолымнан келмейді» деп көрінуі мүмкін. Алайда, бұл – бар болғаны ешқандай негізгі жоқ ішкі қорқыныштар ғана.

#### ЕГІЗДЕР (22.05 – 21.06)

Егіздер үшін келер жыл бірқалыпты өтпек. Әрине, олар да болашақ жайлы ойлап, түрлі жоспар құрады. Бірақ, жұлдыздар өз ойларыңызды жүзеге асыруда асықпауға кеңес береді. Айналаға жіті қараңыздар. Сізге көмек қолын ұсынуға әзір адамдар бар. Алайда, сіз оларға емес, екіжүзді адамдарға энергияңызды көп жұмсап жүрсіз.

#### ШАЯН (22.06 – 22.07)

Шаяндар шарықтауға дайын болсын. Бар потенциалыңызды жүзеге асыруға болатын уақыт келді. Шабыт пен шығармашылық бойыңызды билеп, бұл көңіл күйі өз ісіңізді табуға немесе мансап баспалдағымен көтерілуге көмектеседі. Бірақ, тек жұмысыңыз өзіңізге ләззат сыйлаған жағдайда ғана бұған қол жеткізе аласыз.

#### АРЫСТАН (3.07 – 21.08)

Жылдың алғашқы жартысында өзіңізге және өзіңізді өзгертуге мән беру керек. Шаш үлгісін өзгертуге, диетаға отыруға ең қолайлы ай. Жыл соңында сәттілік сізден теріс айналуы мүмкін. Оған



## 2022 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖҰЛДЫЗ-ЖОРАМАЛ

бола уайымдамаңыз, сәттілік қайта серігіңіз болып, табыс табуға жаңа мүмкіндіктер ашылады.

#### БИКЕШ (22.08 – 23.09)

Бикештер үшін маңызды жыл. Ойдағының бәрін жүзеге асыруға мүмкіндік бар. Алайда, ол үшін қажырлы еңбек қажет. Бұл белгі иелері бұған тек қуанады, себебі, тағдырдың сыйларын қашанда қырағы көзбен қабылдайды. Тағы бір атап өтетін жайт, алғашқыда сәтсіздікке тап болсаңыз, салыңыз бірден суға кетпесін.

#### ТАРАЗЫ (24.09 – 23.10)

Таразылар сақ болсын, себебі, жұмыста қателік жіберуге үлкен қауіп төніп тұр. Сондай-ақ, бұл белгі иелеріне сынды жылы қабылдауға кеңес беріледі. Адамның барлығы сізге жау емес. Жағымды жаңалық, барлық Таразыларға екінші жартылары романтикалық тосын-сый жасайды. Ал, жалғызбасты адамдар осы жылда өмірлік серігін кездестіруі әбден мүмкін.

#### САРЫШАЯН (24.10 – 22.11)

Сарышаяндарға жұмыс бойынша өте тиімді ұсыныс түседі. Оған таңғалудың не-

месе қандай да астар іздеудің қажеті жоқ. Тағдыр сізге жаңа өмір бастауға мүмкіндік береді. Алайда, жоспарларыңызды 18 қазаннан кейін жүзеге асыруға кеңес беріледі. Сондай-ақ, Сарышаяндарға шамадан тыс жұмыс істеп, ауырлық түсірудің қажеті жоқ. Эмоционалды шаршау мен неврозды болдырмау үшін күнінізді алдын ала жоспарлаңыз.

#### МЕРГЕН (23.11 – 21.12)

Мергендер жылдың көп бөлігін оңашада өткізгені дұрыс. Аздап жеке өмір сүру ішіңізде болып жатқан дүниелерді анықтап, маңызды істерді алдыңғы орынға қоюға көмектеседі. Сондай-ақ, потенциалыңызды ашуға кедергі келтіріп жүрген ішкі қорқыныштарыңыздан арыла аласыз. Таңдау жасайтын сәт келгенде, ішкі түйсігіңізге құлақ асыңыз.

#### ТАУЕШКІ (22.12 – 20.01)

Тауешкілер үшін бұл жыл оңайға соқпайын деп тұр. Тағдыр тағы да сіздің төзімділігіңізді сынайды. Жоғарғы күштер сіздің биік шыңға шығатыныңызға, алайда, оған бойыңыздағы

жалқаулықтың кері әсері тиіп тұрғанына сенімді. Жыл соңында қомақты қаржыға ие болуыңыз мүмкін. Ақшаны ақылмен жұмсауға кеңес беріледі.


#### СҮКҮЙҒЫШ (21.01 – 18.02)

Соңғы уақытта Сүкүйғыштар ештеңеге қуанбайды. Олар өміріндегі жақсы дүниелерді байқаудан қалып барады. Мұнаюды қойып, жаңа өмірдің есігін ашуға болатын сәтті жіберіп алмаңыз. Дәл осы қазан айында болатын кездейсоқтықтар тектен-тек емес. Тағдыр қолыңыздан жетелеп, жеңіске алып келеді.

#### БАЛЫҚТАР (19.02 – 20.03)

Келер жыл ғашықтық сезімін бастан өткізіп жүрген Балықтар үшін оңайға соқпайды. Олардың бар ойы сүйіктісінің ыңғайы болмақ. Алайда, бірінші кезекте өзіңізді ойлауға кеңес беріледі. Осы айда байып кетуге мүмкіндігіңіз жоғары. Ол үшін, алдымен, серігіңізден ажырап, іске кірісу керек. Дана болыңыз. Өміріңіздің тек бір саласын таңдаудың қажеті жоқ. Жеке өмір мен жұмыстың арасында үндестік табуға тырысыңыз.

[www.aqmeshit-apalygy.kz](http://www.aqmeshit-apalygy.kz)



Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы: ұйымдастыру бөлімі  
Бас редактор: А. Ертлеуова

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Газет айына 2 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.  
G.Karajanova@emg.kmgep.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309  
A.Ertleuova@emg.kmgep.kz

#### РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Қ. Қасымғалиев - Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары;

Р.Тасмағамбетова - Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Г.Шарафетдинова - қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;

Т.Сәрсенов - мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

Қ.Қалидуллин - әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры;

Ж.Мұханғалиев - өнеркәсіп қауіпсіздігі бөлімінің бастығы;

Ғ.Қаражанова - ұйымдастыру бөлімінің жетекші маманы;  
Ж.Дәуітов - "Жас мамандар" кеңесінің төрағасы.